

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

дүниетанымының репрезентациялары деп айтуға болады. Сондықтан осы тілдік бірліктердің тілдік жүйедегі орны ерекше, ал оларды құбылмалы жаһан жағдайында зерттеу күн тәртібінен түспек емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. В.А.Никонов Имя и общество. – М.: Наука, 1965. -179-б.
2. Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998.
3. Жанұзақов Т.Ж. Қазақ есімдерінің тарихы. Алматы: Ғылым, 1988. 140 б.
4. Суперанская А.В. Структура имени собственного. - М.,1983.
5. The Oxford Companion to English Literature.– Oxford University Press, 1998. – 1149р.
6. Қазақ ССР тарихы. I том. Алматы, ҚМБ, 1957 ,243-252 б.
7. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіліндегі кейбір кішірейткіш жұрнақтар.Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары, лингвистикалық серия, 6-шығуы, 1950, №82.

УДК 378.147

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА САБАҚ ЖОСПАРЫНЫҢ РӨЛІ

Босжигитова Гульнур Абдимажитовна

kulmat90@mal.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ бірінші курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші- Есенғалиева А.М.

Білім берудегі мақсат тек білімді кәсіби мамандандырылған адам дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру керек екенін баса айтқан жөн. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев 29 қаңтар 2011 жыл Қазақстан халқына жолдауында «Мен қазіргі заманғы қазақстандықтар үшін үш тілді білу әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін айтып келемін. Сондықтан 2020 жылға қарай ағылшын тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20 пайызды құрауы тиіс деп есептеймін»- деді [1].

Шетел тілін үйрету қиын да, қызықты жұмыс. Шетел тілін оқытудағы білімділік мақсаты - шетел тілінде сөйлеуді үйрету, байланыста бола алу мен ортақ тіл табысып, қарым - қатынасты нығайтуға ұмтылу болса, тәрбиелік мақсаты - өзге адамдарды тыңдау мәдениетін қалыптастыру негізінде өз пікірін айта алу және қорғауға үйрету.

Ұстаз біріншіден, өзі еркін білетін тілде дәріс беру шарт. Екінші шарт - шәкірт түсінікті тілде сабақ алуы қажет. Шетел тілдері сөздерінің мағынасын түсіндіру мәселесі туралы ғалымдар пікірі 2 топқа бөлінеді.

Бірі ана тілін мүлде қолданбау керек(И. Е. Аничков), олар шетел тілін оқытуды ана тіліне сүйеніп, шетел тілінде сөйлеу дағдыларына нұқсан келтіреді десе, енді біреулері (Л. В. Щерба, Т. Ф. Лапангова) керісінше ана тілінің интерференциясын азайтуға болатынын дәлелдеген. Шетел тілін меңгеру дағдысын қалыптастыруда ана тілін мүлде аластау арқылы емес, ана тілінің интервенциялық ықпалы арнайы әдіс - тәсілдердің көмегі мен жеңген дұрыс [2], деген пікір айтады.

Ағылшын тілін үйретуде сабақ жоспарының рөлі ерекше. Сабақ — бір пәнді оқытуға арналған оқу [сағаты](#); оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі.Сабақ арнаулы бөлмелерде, оқу кабинеттері мен зертханаларда, оқу шеберханалары мен [мектептің](#) оқу тәжірибе үлескілерінде өтеді. Тұрақты оқушылар құрамы, кесімді уақыт көлемі (45 мин) және оқу кестесі бойынша жүреді. Оқыту әдістері, ұжымдық және жеке-дара жұмыстар сабақтың негізгі белгілері болып табылады. Сабақтың негізгі міндеті — [мұғалімнің](#) басшылығымен оқушыларға [ғылым](#) негіздерінен берілетін мағлұматтарды

саналы түрде игерту, алған білімді іс жүзінде қолдана білуге дағдыландыру, іскерлікке үйрету, адамға қажетті қасиеттер қалыптастыру. Мазмұны мен дидактикалық мақсатына орай сабақ мынандай түрлерге бөлінеді: оқу жылы басындағы кіріспе сабақтар; бағдарламаның күрделі тақырыптарын оқып-үйренудегі кіріспе сабақтар; аралас сабақтар; жаңа білімді меңгеру сабақтары; білімді іс жүзінде қолдану сабақтары; қайталау-қорытындылау сабақтары; есепке алу-тексеру сабақтары; оқу жылын аяқтайтын қорытынды сабақтар[3].

Мұғалім өз сабақ жоспарын қолданып, сабақты қызықты өтуге, оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттыруға білім деңгейін тексеру құралы ретінде пайдалануға болады. Таңдап алынған сабақ жоспарлары білім алушылардың деңгейлеріне сай болу керек. Мұғалім кез-келген сабақты өткізу үшін алдын-ала жоспар құрып алуы керек. Ағылшын тілін оқытуда келесі мақсаттарды орындайды:

1. Алфавитті дұрыс меңгерту;
2. Орфографияны дұрыс оқыту;
3. Дұрыс оқу дағдысын қалыптастыру;
4. Лексиканы меңгерту;
5. Меңгерушінің ойын дамыту, дұрыс жазу, дұрыс айту, дұрыс білу дағдысын қалыптастыру.

Тілді меңгеруде ең маңыздысы – лексика. Басқа білім салаларының ішінде лексиканың бірінші орын алу себебі мынада кейбір сөйлеушінің сөзінде грамматикалық қателер кездескенімен адамдар арасында қатынас болуы мүмкін. Айтушының не айтқысы келгенін тыңдаушы түсінеді. Лексиканы меңгеру үшін түрлі әдіс - тәсілдер пайдаланылады. Нақты мағыналы сөздерді суреттер, зат, макет арқылы түсіндірген жөн. Абстрактілі мағыналы сөзді түсіндіру үшін аударманы қолдану және тіл көрнекілігі арқылы түсіндіру қажет. Ал тіл көрнекілігі дегеніміз – сөздің мағынасын контекст арқылы, синонимдер мен антонимдер, сөздің құрамдас бөліктерін талдау арқылы түсіндіру. Контексттерде грамматикалық құрылым, ондағы жаңа сөзбен басқа сөздердің барлығы оқушыларға бұрыннан таныс болуы қажет. Сонда оқушының назары жаңа сөздерге аударылады. Яғни грамматикалық материалды түсіндіруде қазақша мысал келтіріп, берілген мысалды ағылшынға аударып, екі тілдегі ұқсастық пен айырмашылықтарға тоқталамыз. Содан кейін ағылшын тілінде жасалу жолын (ерекшелігін түсіндіріп өтетін грамматикалық материалды бекіту үшін, практикалық жаттығулар көп жасалу керек, мүмкін болса, көбіне оқушылардың өз өміріне байланысты мысалдар келтірген жөн. Оқушыларды міндетті түрде сұрақ қоюға, сұраққа жауап беруге үйрету керек, бірақ ол жаттанды түрде болмауы тиіс. Әсіресе, төменгі сынып оқушыларына сұрақ қою кезінде өзінің қолданатын әдісіне тоқтала кетейін: Who? What do(ing)? Where? When? Мысал: The children are playing in the yard now. – деген сөйлемді алатын болсақ, сөйлемдегі әр сөзге қойылатын арнаулы сұрақтарын анықтап алған жөн. Сонда оқушылар сөйлемдегі артикльдің, жалғаудың көмекші етістіктің орнын ауыстырып алмайды. Қысқасы, грамматикалық материалды өткенде, негізінен, ана тілімен салыстыра түсіндірген тиімді, оның ана тіліндегі біліміне сүйенген жөн. Оқушы бұл тілдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын жете білгенде ғана, ол тілді дұрыс та, тез игере алады. Демек шетел тілін оқыту барысында оқушыларды тілдік материалмен таныстырып қана қою жеткіліксіз, оларға оның қалай қолданылатынын көрсетіп, дұрыс айтуға, жазуға, оқуға дағдыландырып төселдіру керек. Ол үшін мен оқушыларға фонетикалық жаттығулар жасатамыз. Фонетикалық материалды меңгерту үшін, фонетикалық дағдыларды қалыптастыру және жетілдіру үшін жаңылтпаштар, тақпақтар, өлеңдер жаттатамыз. Алғашқы кезде кейбір ұқсастау дыбыстардың айтылуына мән береміз.

Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес елдегі беделді тілдің бірі - халықаралық қатынастағы ағылшын тілі болып саналады. Ағылшын тілі - ХХІ ғасырдың тілі. Шет тілі біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады. Мемлекеттің халықаралық байланыстарының сапалық өзгерістері адамның

практикалық және зияткерлік іс-әрекетінде ағылшын тілі сұранысқа ие болу қажеттілігін туғызып отыр.Еліміздің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы артып отырған шақта шет тілін еркін меңгерген, келешекте білімін түрлі саладағы қарым-қатынас жағдайында пайдалана алатын адамды мектеп қабырғасынан оқытып шығару - біздің қазіргі кездегі міндетіміз.Ағылшын тілін сапалы оқытудың кілті – оқытушыда. Бүгінгі таңда оқытушылардың өз біліктілігін өсіру, сабақ алды дайындық қызметі, сабақ жоспарының дұрыс жоспарлануы, оқыту әдістемесі т. б. барлығы да оқыту сапасына тікелей әсер ететін факторлар болып табылады.

Әр бір оқытушы сабақ өтер алдында жан-жақты мұқият дайындалып, оқытудың бағыттарын күшейтіп, ағылшын тілін оқытудың тиімділігін арттырулары керек. Сабақ алды дайындықтың толық болуы – сабақты сапалы өткізудің кепілі. Егер сабаққа оқытушының дайындығы жақсы болса, оқыту нәтижесі де жақсы болады. Оқытушы сабаққа дайындалу барысында, өзінің білім өресі мен кәсіптік қабілетін шындап қана қоймай, методикалық тәжірибені де жинақтайды. Оқытушының оқулықты талдап зерттеуі, оқулық жөніндегі түсінігін тереңдетіп оқытудың жаңа жолдарын және әдістерін табуына көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президентінің 2011 жыл 29 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауы.
2. Ж.Ж.Қожамқұлова. «Жаңа ақпараттық педагогикалық технологиялар» Алматы, 2013 ж.
3. Қазақ энциклопедиясы, 7 - том

УДК 371.89 (44)

СИМВОЛИКА ФРАНЦУЗСКОЙ РЕСПУБЛИКИ

Дюсенова Арна Толегеновна

arna.dyussenova@mail.ru

Студентка 3-курса специальности «регионоведение», ЕНУ им. Л.Н.Гумилева,
Астана, Казахстан

Научный руководитель – Ергалиева К.О.

Политический режим Франции носит официальное название "Французская Республика" ("République française"). Отсюда – довольно частое употребление монограммы RF, используемой как своего рода логотип.

Сегодня республиканский строй пользуется практически единодушной поддержкой общества. Но так было не всегда. В XIX веке, под воздействием Французской революции, республиканские символы, перечисленные и описанные ниже, были символами Франции революционной в противовес Франции монархической и консервативной. Только в XX веке они стали символами признанной всеми Французской Республики и вообще Франции как таковой.

Единственным наглядным символом, официально закрепленным в Конституции, является трехцветный флаг, состоящий из синей, белой и красной вертикальных полос, расположенных в перечисленной последовательности от древка [1].

Но, помимо флага Французской Республики, речь также пойдет о Гимне Франции «Марсельезе», о Марианне, о девизе Франции «Свобода, равенство, братство», о Галльском петухе и о Геральдической лилии.

Первые сведения о французских флагах относятся к концу V в. Именно этим периодом датируется упоминание о знамени основателя франкского государства короля Хлодвиг, на белом полотнище которого были изображены три жабы. В 496 г. Хлодвиг принял христианство и сменил белое знамя на синее, символизирующее плащ Святого